Выбрали девиз месячника военно-патриотической работы - «Мы - наследники Победы, славу Родины храним!». Также совместно запланировали мероприятия, тематические классные часы и уроки мужества, встречи с ветеранами труда, воинами-интернационалистами, проведение акции «Бессмертный полк», смотр строя и песни, праздничные концерты, спортивные соревнования, выпуск стенных газет и различные творческие конкурсы.

4 мая состоялся традиционный для школы смотр строя и песни, посвященный Дню защитника Отечества. Целью конкурса было развитие у подростков гражданственности, патриотизма, формирование у подрастающего поколения патриотического сознания, чувства верности своему Отечеству, готовности к защите его интересов. В смотре приняли участие обучающиеся с 5 по 10 классы. Отряд каждого класса подготовил выступление по строевой подготовке, которое оценивалось по следующим показателям: дисциплина строя, внешний вид, выполнение перестроений и поворотов, строевой шаг, исполнение строевой песни, действия командира. Для проведения судейства были приглашены: Шоланов С.Д. - учитель НВП, Кусаинов Т.М. - учитель физкультуры, Мукушева Ж.С. - учитель музыки. Отряды по очереди выполняли элементы строевой подготовки: расчёт по порядку и на первый-второй, строевой шаг на месте и в движении, повороты направо, налево, кругом, перестроение в две шеренги, прохождение в колонне по два с песней.

Мероприятие прошло на одном дыхании, но конкурс есть конкурс. Победили сильнеешие. По результатам смотра строя и песни места распре-

делились следующим образом: в среднем звене первое место занял отряд 6А класса, в старшем звене - 10А класс.

Уже третий год в школе живет традиция проведения марш-парада, посвященного Дню Победы. 7 мая учащиеся школы с 1 по 11 класс с цветами, шарами, флажками с портретами ветеранов, погибших в Великой Отечественной войне, парадным маршем направились на главную площадь села к памятнику, где провели митинг.

На митинге прозвучали слова благодарности всем ветеранам, труженикам тыла, детям войны за мирное небо над головой. Также прозвучали поздравительные слова от председателя Совета



ветеранов С.В.Браун.

Участники митинга почтили минутой молчания память погибших в годы войны, затем состоялось возложение венков, цветочных гирлянд к обелиску.

Учащиеся школы и жители села посмотрели праздничный концерт, посвященный Дню Победы. На праздничном концерте «Салют Победе!», прошедшем в нашей школе, прозвучали теплые слова в адрес ветеранов от коллективов художественной самодеятельности школы, детского сада, села. Прозвучали стихи и песни о



войне, о Великой Победе.

Военно-патриотический месячник продолжил праздничный концерт в школе. Песни военных лет, сопровождавшиеся красивыми видеороликами и слайд-шоу, танцевальные номера и чтение стихов в исполнении наших учеников завораживали зрителей, будто перенося их в то страшное, но значимое в истории время.

В заключение хотелось бы отметить, что работа всего педагогического коллектива школы по военно-патриотическому воспитанию требует дальнейшего совершенствования, углубления по всем направлениям, главный итог которой - выпускник школы-патриот, надёжный будущий защитник Родины! Профессия - Родину защищать навсегда останется для всех поколений казахстанцев социально значимой, исполненной высокого, благородного смысла.

Г.ЖУМЕКЕНОВА,
К.КАПАШЕВА,
заместители директора по воспитательной работе Уштобинской СШ

Туған жер

В селе Ново-стройка, в небольшой девятилетней школе прошло знаменательное событие - открытие школьного музейного уголка в рамках программы «Рухани жаңғыру» в честь С.Ельгизекова - земляка, участника афганской войны. Серик Ельгизеков погиб, выполняя свой гражданский долг.

Каждый из сотен тысяч прошедших через эту войну стал частью Афганистана, частью его земли. А Афганистан стал частью каждого воевавшего там. Эта война - незаживающая рана в душах людей, воевавших там, ждавших своих сыновей, мужей, братьев и сестер...

Открытие школьного музейного уголка состоялось 8 мая. На открытие музея была приглашена сестра Серика Галина Тулебековна, которая приехала из города Алматы, старейшины поселка, мулла, уважаемые люди села. Учащиеся школы выступили перед гостями с праздничной программой. При-

Школьный музейный уголок



сутствующие почтили память солдата. Учитель истории Маржан Сайфулова подготовила видеоролик, посвященный зем-

ляку. В нашем селе имя Серика Ельгизекова носит и улица, на которой когда-то жил наш зем-

ляк. В селе сейчас проживают брат и сестренка Серика Ельгизекова.

Родные и близкие выразили глубокую благодарность директору школы А.С.Мусиной и коллективу школы за то, что в школе всегда помнят и чтят героя афганской войны, проводят патриотическое мероприятие, посвященные Серик, приглашают родных и участников войны на торжественные линейки, передают от поколения к поколению нить памяти о своем земляке-солдате.

С.СУЛЕЙМЕНОВА,
заместитель директора по воспитательной работе СШ
им.С.Ельгизекова



Ардагерлерге - тағзым

Әрбір адам үшін ақ таңының арайлап атқанынан артық бақыт жоқ. Көк аспанда ақ кептерлер шарықтап, тыныштық орын алған жерде атқарған еңбек те өнімді, ішкен тағамың да сіңімді, аспанға шарықтаған

әуендер де ерекше сезімге бөлейді.

Қоғамымызда "соғыс" атты зұлматтың кесірі тимеген бір де бір отбасы жоқ деп айтсақ артық болмас.

Қаһарман аталарымыздың төл мерекесі - Ұлы Жеңістің 73 жылдығына орай ауданымыздың көптеген мекемелерінде мәнді де мағыналы шаралар өткізілді. Олардың өткізілу мақсаты - жас ұрпақты соғыс тарихымен қанықтыру, осы қанды зұлматтағы аталарымыздың ерліктері, олардың маңдай терімен келген жеңістерін бағалау, өз елін, жерін, ата-анасын сүюді сіңіру болатын.

№1 қазақ тірек мектебінің акті залында оқушылар мен ұстаздар, қонақтар жиналды. "Өшес даңқ жауынгерлері" атты иллюстрацияланған кітап көрмесі, "Отан үшін от кешкендер" фотоқұжаттық көрме мен слайд, "Естелік кітабы" слайды, "Соғыс

адам жүрді.

Фашистермен шайқастарда барлық планетада 50 млн. адам қаза тапты, ал Кеңес одағының шығыны - 27 млн. адам болды. Міне, осындай сандар өздері үшін сөйлейді. Шығындар қомақты, олар - құрылмаған

сахна төрінен Әділхан Төлегенов оқыды. "Жеңіс күні" бейнеліпі жиналғандардың назарына ұсынылды. Ю.Гагарин атындағы мектеп бишілері "Катюша" биін орындап, көрермендер көзайымына айналды.

Бұқар жырау ауданының архиві соғыс ардагерлерінің архивтік құжаттарын жинайды. Аталмыш мекеме қызметкерлері "Бұқар жырау ауданының Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің" архивтік қорының жеке құжаттарын коллекциялауды қалыптастыруда. Осы күні жиналған оқушыларға үлгі қылып аудан тұрғындары Құбайдолла Айсановтың, Көшен Санаубаровтың, Николай Платунов, Қасен Түспековтердің өмір жолдарына тоқталу үшін аудандық архив қызметкерлері А.Жұмагелдина мен А.Балпанова жұртшылық алдына шықты.

"Ерлігі үшін", "Соғыстағы еңбегі үшін", "1941-1945 жылдардағы соғыс ардагері", "Германияны жеңгені үшін", "В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне" мерекелік медальдарымен, Бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, ҚР Құрмет грамотасымен, "Мемлекеттік банктің үздігі" төсбелгісімен марапатталған. 2005 жылы аудан әкімінің ұсынысымен "Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы" атағы берілген.

Санаубаров Көшен ағаның өмір жолы туралы айтылып болған соң, жұбайы Айтбала Шайменқызы сөз алып, жарымен тату-тәтті 45 жыл өмір сүргенін, оның банк бастығы болғанын, өмірге 4 бала әкеліп, олардан 13 немере, 5 шөбере көргенін, жуырда үшінші баласы - орталық ауруханадағы дәрігерлер Айдос пен Гауһардың қолдарына келіп, мейірімдеріне бөленіп, тіршілік етіп жатқанын тебірене айтты. Енді ешқашан соғыс болмасын, тыныш заман болсын деп сөзін аяқтады.

Айсанов Құбайдолла ағамыздың өмір жолы да жастарға үлгі боларлық. Жастайынан ауыл жұмысына жегілген. Кейіннен Ворошилов аудандық ішкі істер бөліміне милиционер болып қабылданады. 1942 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, атқыштар полкының сапері болған. Мәсеуден Венаға дейін 1-ші, 2-ші Брянск және 3-ші Украин майдандарына қатысты. Орлов-Курск шайқасынан кейін Одесса, Измаил қалаларындағы объектілерді, Молдавия, Болгария, Венгрия, Румыния мен Австрия аумақтарын минадан тазартқан.

Сержант Құбайдолла Айсанов 2-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен, 1,2,3 дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін", "Жауынгерлік еңбек үшін", "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін", "Измаилды алғаны үшін", "Германияны жеңгені үшін" медальдарымен, "Үздік сапер-минаны", "Милиция үздігі" белгілерімен марапатталған.

Құбайдолла аға жары Шәмширамен 70 жыл бойы тату-тәтті өмір сүріп, он баланы өмірге әкелді. Бүгінде олардың барлығы да білімді мамандар, елінің дамуы жолында еңбек етіп жүр.

Майдангердің баласы Сара Айсанова сөз алып, толқып тұрып осынау габратты шараны ұйымдастырушыларға өзінің үлкен алғысы мен ризашылығын білдірді. Бұл майдангерлерге емес, өскелең ұрпаққа керек екенін айтты. Сандық технология дамыған мына заманымызда "Подвиг народа" сайтына кіріп, одан көптеген мәліметтер алғанын, Украина Президенті

шайқасына, Қиыр Шығыс майданына қатысып, Уссури өзенінен өтіп Мишань, Гирин, Янцзы, Харбин қалаларын азат етуге қатысты. "Отан соғысының 2-ші дәрежелі орденімен, "За победу над Японией", "Жеңістің 30,40, 50, 60 жылдығы" медальдарымен марапатталған. Соғыс ардагері Қасен ата жары Рысбаламен 10 бала тәрбиелеп өсіріп, 24 немере, 27 шөбере сүйген. Сумский Алексей ардагерлер туралы тебіреністі жолдарын айтып, олар - бүгінгі жастар үшін керемет үлгі екенін баса айтты. Мәрзия Бұхтаева апайымыз өзінің жүрежарды сөздерінде Көшен ағамен бірге



жылдарындағы музыкалық бейнебаян" осы шараға жиналғандар үшін құнды дүние болып табылып, жан сарайына ерекше

шаңырақтар, өрбімеген ұрпақтар, тербелмеген бесіктер.

"Уақыт - емші" дейді аталарымыз. Майданнан жаралы қай-



есер сыйлады. Еске алу шарасына Бұқар жырау аудандық мұрағаты да өз үлесін қосып, жерлес жауынгерлер - К.Санаубаров, Қ.Айсанов, Н.Платунов, Қ.Түспековтардың архивтік құжаттарын жинақтап, жиналғандар назарына ұсынды.

Ел басына күн туғанда анасын, бауыр еті баласын, кіндік қаны тамған қасиетті жерін жаудан қорғау - ер-азаматтың абыройлы борышы. Осынау майдан өмірге әкелген "Жеңіс вальсі" сахнадан төгіліп, мереке шаттығын одан әрі асқақтатқандай. Әрі мұңды, әрі қуанышты бұл мереке жүректер қағысын жиілетіп, көздерге жас моншақтарын ілді. Ботақара кенті өнер мектебінің бишілері "Қазақ биін" билеп, көкмайша шалғында бүршік жарған бейшешек гүлдерін көз алдыға әкелді.

Бәрі қалай басталған еді? Осы сұраққа жауап берер бейнеролик балалардың көз алдында өтіп жатты. Бұл майдан кеңістігіне 61 мемлекет тартылды. 40 мемлекет аумағында әскери қимылдар жүргізілген, барлық елдің әскери күштерінде қолдарын қару ұстаған 110 млн.

тқан, аман келгендер отбасы құрды, жүдеген ауылының тұрмыс-тіршілігін көтеруге білек сыбана кірісті. Бірақ, қанша жыл өтсе де, жүректердегі сыздаған жараның орны жазылмақ емес. Бірінің әкесі, енді біреудің баласы қалған майдан даласынан әлі де жаңғырық естілуде. Осы күнге дейін қаһарман жауынгерлердің ерліктері үшін шет елдерден наградалар келуде. Ол марапаттар майдангерлердің отбасыларына тапсырылады.

512 майдангер Кеңес Одағының батыры атанды. Тылда қызу еңбек толассыз жүріп жатты. Майдангерлерге жылы қолғаптар, шұлықтар тоқылды, бой киімдер тігілді. Мал өнімдерін, нанды да, басқа азықты азықты да ауыл адамдары өндіріп жатты. "Бәрі де жеңіс үшін" деген жазулармен эшелондар майдан даласына ағылып жатты. Осындай жанашырлықтың, мейірімділіктің, жылылықтың арқасында жауынгерлер фашист басқыншыларын келген жеріне қуып тастап, Рейхстағқа ту ілді.

Қасым Аманжоловтың "Үстімде сұр шинелім" өлеңін



Л.Кучманың Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 60 жыл толуына орай мерекелік медалі отбасына табысталғанын мақтанш сезімімен жеткізді. Сонан соң өз орындауында "Әке туралы әнді" айтып берді. Шара бірауық қуанышты, енді бір сәт мұңды болып, жанарларға жас толтырды.

Ауданымыздың сыйлы азаматы Қуатжан Елемесов аға енді соғыс болмасын, ол қаншама адамның өмірін жалмағанын, жаралы болып келгендер де көп болғанын, енді аспанымыз ашық, халық іргесі бүтін болсын деген ақжарма тілегін айтты жиналғандарға.

Николай Алексеевич Платунов 1924 жыл туған. Әскер қатарына 1940 жылы алынды. Киевті, Венгрияны, Румыния мен Чехословакияны жаудан азат етуге қатысты. "Соғыстағы еңбегі үшін", "Еңбек ардагері", "Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл, 30 жыл, 40 жыл, 50 жыл, 60 жыл, 65 жыл",

қызмет еткенін, ол кісінің өз ісінің білгірі, баршаға тәрбиелілік пен білімділік, ізеттіліктің эталоны екеніне тоқталды. Өңгіме өрбіген кейіпкерлердің барлығын да білетінін, олардың ерліктері, адамгершіліктері алдында бас иетінін, осында отырған жас балаларға өсіңдер, өніңдер, осы аталарыңдай жақсы азаматтар болындар деген ізгі тілегін білдірді. Шараның қорытындысында өнер мектебінің ұстазы Ж.Аяпбергенова "Прощай, любимый город" әнін орындап берді.

Майдангерлер туралы "Естелік кітабы" үш рет басылып шыққан. Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай толықтырылған "Естелік кітабы" мен Ботақара кентінің ардагерлеріне арналып жаңа обелиск жасалатын болады.

Міне, Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында өткен осындай тағылымды шара жас ұрпаққа өте көп әсер берді деп ойлаймыз. Шара ұйымдастырушылары көп



"СССР Қарулы Күштеріне 50 жыл, 70 жыл" марапаттарымен аталып өткен. "Совет милициясының 50 жылдығы", "Астанаға 10 жыл" медальдарына, "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдай Министрлігінің Құрметті ардагері атағына ие болған.

Ардагердің баласы Владимир Платунов та тебіреніспен әкесі жайлы ой толғап, ұйымдастырушылардың атына ризашылығын айтты.

Түспеков Қасен Ленинград

ізденіп, майдангерлердің отбасыларымен тікелей қарым-қатынас жасап, ұрпақтарын қонақ ретінде шақырып, қолдарына естелік сыйлықтар табыстады. Осындай тамаша шараны ұйымдастырушыларға мың алғыс.

Қ.АХМЕТОВА

Д.Торжановтың суреттерінде: жас ұрпақ - тамашалау мен би сәтінде, С.Айсанова; естелікке сурет.



Ақпараттық сауаттылық - заман талабы

Ростовка тірек мектебі (РО) базасында «Бейнелі карта» жобасы аясында Қарағанды облысындағы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы мен Бұқар жырау аудандық білім бөлімі бірлесе ұйымдастырған «География сабақтарында оқу жұмысының интерактивті құралдары» тақырыбында облыстық семинар өткізілді.

Семинардың ұйымдастырылу мақсаты - бейнелі карта арқылы география сабағында оқушылардың зейінін, танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын дамыту және өмірде алған білімдерін іс жүзінде қолдана алу аспектілерін қалыптастыру болып табылады.

Аталған семинарға Жаңаарқа, Осакаровка, Нұра, Шет, Ақтоғай және Қарқаралы аудандарының орталықтарынан және Ростовка тірек мектебі (РО) магниттік мектептерінен география пәні мұғалімдері қатысты. Қатысушылар назарына 2 практикалық сабақ, 2 сыныптан тыс іс-шара саяхат сабақ, «Тарих тағылымы - ұрпаққа аманат», мектептің тарихи-өлкетану мұражайының жұмысымен таныстыру - интеграциялық оқыту және «География сабағында интерактивті ресурстарды қолдану» атауымен тренинг ұсынылды.

Семинар барысында ауданның озық тәжірибелі мұғалімдері сандық ресурстарды сабақ барысында тиімді пайдалану жолдарын көрсетіп, интерак-

тивті құралдарды қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Практикалық және сыныптан тыс сабақтарды өткізу барысында педагогтар интерактивті және Google карталар, LearningApps.org интерактивті модульдерін сабақ үдерісінде қолдана отырып, оқушылардың тақырыпты терең игеруге және теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен жетілдіре түсулеріне мол мүмкіндіктер ашты. Сонымен қатар, сабақ барысында оқушылар топтық жұмыс, жеке дара деңгейлік тапсырмалар орындап, телефон қосымшасына жүктелген бағдарлама арқылы сынақ сұрақтарға жауап берді, ерекшелігі - сынақ нәтижесі орталық интерактивті тақтада қысқа уақыт ішінде мониторинг ретінде көрініп тұрды.

Ростовка тірек мектебі (ресурстық орталық) тарихи-өлкетану мұражайының меңгерушілері Салова Наталья және Шушаева Зура «Тарих тағылымы - ұрпаққа аманат» тақырыбында интеграциялық оқыту әдісі арқылы саяхат са-

бағын өткізді. Мұражай кешенінде тәрбиеленетін оқушылар өздерінің білім, білік дағдыларын көрсете отырып, мұражайдың ғылымилығын, бүгінгі таңдағы өзгектілігімен таныстырды. Сонымен қатар, оқушылар өздерінің туған жерімен, оның тарихы, жер-су, географиялық ортасы туралы ой қозғады. Мектеп мұражайының құрылуының негізгі мақсаты да Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында баса айтылған «Туған жер» бағдарламасын қолдап, елжанды, туған жерін қадірлей білетін тұлға қалыптастыру болып табылады.

Семинар соңында Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Төлпебекова Светланаңың жетекшілігімен рефлексия өткізілді. Рефлексия барысында семинарға қатысушылар өткізілген сабақтарға пікір білдіріп, «Бейнелі карта» жобасы аясында ұйымдастырылған бұл семинардың мұғалімдердің АКТ құзыреттіліктерін дамытуда үлкен рөл атқаратындығын ерекше тілге тиек етті. Аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары Оспанов Айдар сөз алып, семинарға қатысушы мұғалімдерге алғысын білдіріп, осындай семинарлар ұстаз бен оқушы арасындағы білім көкжиегін кеңейте түсетіндігін атап өтті.

Ойгорбай БАХЫТ
Бұқар жырау аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет әдіскері

Үлгіге толы Бұқар жырлары

Бұқар жырау Қалқаманұлы - халқының, елінің тағдырына терең де ойлы көз жіберген, қабырғасы қайысып, тебірене толғай жыр төккен, парасатты ой түйген, ақылгөй поэзияның ірі өкілі, қазақтың ұлы ханы Абылайдың ақылшы-кеңесшісі. Бұқар жырау аласапыран заманның тіршілік-болмысын, ел басына төнген қауіп-қатер, екіталай кезеңді жыр өрнегіне түсіріп, халқының тағдырына ортақта-сқан.



XVIII ғасырдан бізге мәлім ақындардың ішінде әлеуметтік мәселелерді көбінесе басымырақ жыр еткен жырышы Бұқар жырау өз кезіндегі әр алуан қоғамдық мәні зор мәселелерге үн қосып, көзқарасын білдіріп отырған.

Жыраулар қоғамдық мәні бар үлкен-үлкен тақырыпты алады да, аз сөзге көп мағына сыйғызып, өмір құбылыстарын кеңінен шолады. Толғауда ой желісі үзілмейді, пікірі тұтас, бір қазықтың айналасына түйіледі. Ой жүйесінде шашырандылық жоқ. Дауын да, шешуін де өзі айтады. Міне, осының барлығына Бұқар толғауларын оқи отырып, көз жеткіземіз.

Бұқар жырлары әлеуметтік мәселелерге арналған және олар белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты туған. Оның толғаулары ой тереңдігімен, білгірлік-парасаттылығымен, аз сөзбен көп мағына бере алуымен ерекшеленеді. Бұқар бабамыздың ақындығы философиялық толғауларында айрықша байқалады.

Көргені көп, тоқығаны, түйгені мол жырау өмір құбылыстарына іштей бойлап, заман жайын тереңдей зерттеп, кейінгіге өнеге боларлық толғаулар қалдырған. Үлгі-өрнекке толы жырау нақылдары күні бүгінге дейін ел аузында.

Б.АМАНТАЕВА,
Ботақара орта мектебінің педагог-психологі

Жастар - ұлт болашағы



Тәуелсіз Қазақстанды бәсекеге қабілетті елдердің қатарында терезесін тең ететін - бүгінгі мектеп қабырғасындағы оқушылар. Ендеше, ұлт болашағы солардың қолында екенін түсіндіру жұмыстарын бүгіннен бастау керек. Осы бағытта мектебімізге келген қонақтарымыз ата-аналар мен оқушыларға, ұстаздарға көп ақпарат берді.

Аудандық насихаттық топ мүшелері Сарытөбе орта мектебінің 9-сынып оқушылары, ата-аналар және ұстаздарымен кездесу өткізіп, мемлекеттік бағдарламалар туралы мәлімет берді. Бұқар жырау аудандық әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Айгүл Жексенбаева Елбасы Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына кезекті жолдауын талқылай келе, әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басқанын, оның ішінде жолдаудың 7 міндетінің маңыздылығын атап өтті.

Президенттің "5 әлеуметтік бастамасын" талдап, түсіндірді. Сонымен қатар, былтыр жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын толық талдап, оның ішінде «Жүз жаңа есім», «Жомарт жүрек», «Туған жер» бағдарламалары бойынша нақты мәліметтерді айта отырып, жастарымызды келешекте осы жобаларды жүзеге асыруға үлес қосуға шақырды. Сондай-ақ кездесуге жұмыспен қамту орталығының маманы Зарина Жексенбаева келіп, оқушылар егер оқуға түсе алмай қалған немесе басқа жағдайларда бір мамандық иесі атанып, жұмысқа орналасуға жұмыспен қамту орталығынан қандай көмек болатынын айтып, түсіндіріп өтті.

Жастарымыз қиындыққа тап болса, одан шығар жол, шешімін таба алмай, өз құқығын білмей жатса, «Нұрлы білім» ҚБ «Деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығынан» теолог Санжар Момынжанов келіп, слайд арқылы тура деректерді келтіріп, түсіндіру жұмысын жүргізді. Әлем үрке қарайтын діни экстремизм туралы айтып, өмірде болған оқиғалармен бөлісіп, оқушыларды сақ болуға шақырды.

Ал, Бұқар жырау ауданының «Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы» инспекторы Елугүл Шыңғысбаева «Мен туралы заң және заң туралы» тақырыбында оқушылармен әңгіме жүргізді. Оқушылар мен ұстаздар мамандардан көптеген мәліметтер алды.

З.ӘЙНЕКОВА,
Сарытөбе негізгі мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



Мұшайра жеңімпазы

Қарағанды облысы білім басқармасының қолдауымен Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 8-11-сынып оқушылары арасында республикалық «Ақберен» байқауы өтті.

Аталмыш байқаудың облыстық кезеңінде «Ақындар мұшайрасы» номинациясы бойынша № 1 қазақ тірек мектебінен 10-сынып оқушысы Фариза Бейсембекова 1 орынға ие

болып, байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алды. Бұл жеңістің шыңынан көтерілген оқушымыздың ерен еңбегімен бірге жетекшісі, қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің

ұстазы Қалиасқар Шыныбектегінің есімін атамай өтуіміз әбестік болар.

Ауданымыздың есімін Павлодар қаласында өткен «Ақберен» байқауының республикалық кезеңінде асқақтатқан Фариза Бейсембекова жүлделі 3 орынға ие болып топ жарды. Фариза Оңғарсынова апамыздың есімін арқалаған ақын қызымыздың алар белесі көп болып, қаламы ұштала берсін демекпіз.

А.САЯН,
Бұқар жырау аудандық білім бөлімінің әдіскері

Өнер-білім бар жұрттар...

«Білімді ұлт - білім берудің және отбасылық құндылықтардың сапасы» тақырыбындағы Жалпыұлттық ата-аналар жиналысы Халықаралық отбасы күні өткізіліп отырғандықтан, ата-аналармен жұмысты «Ашық есік күні» іс-шарасымен бастадық.

2017-2018 оқу жылындағы оқу-тәрбие жүйесіндегі жетістіктерді әдістемелік бірлестіктер мектеп холында көрме ретінде ұйымдастырып, оқушылардың шығармашылық жұмыстарын ата-аналарға таныстырып өтті. Ата-аналарға робототехника кабинетіндегі жұмыстары, оқушылардың математикадан ойлау қабілетін дамыту мақсатында кубик-рубик құрастыру жұмыстары көрсетілді. Оқушылардың кубик-рубикті жылдам жинағандары ерекше есер етті. Әр шеберхана оқушылардың жыл бойы атқарған жұмыстарын көрсетті. Ата-аналар жиын залында оқушылардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген әртүрлі облыстық, аудандық байқаулары жүлдегерлерінің өнерлерін тамашалады.

Облыстық ақындар мұшайрасының бас жүлдегерлері, республикалық «Ақберен» байқауында II орынмен марапатталған Бейсембекова Фариза, Республикалық жас айтыскер, бас жүлде иегері Төкен Нұрлыбек, облыстық Бұқар жырау оқуларына қатысып, II орынға ие болған Жақбаба Бекарыс, «Қазақстан халықтары өнерінің жоғарғы форумы» атты XI облыстық дельфийлік ән байқауының бас жүлдегері Алқұлова Томирис пен

«Балауса» шағын орталық балаларының орындауындағы «Домбыра» биі және республикалық «Жұлдызды сәт» байқауының жеңімпазы Саят Әлішердің «Аяулы анашым» өндері жиналысқа қатысушыларға ерекше көңіл-күй сыйлады.


Мектеп директоры Б.М.Тургумбаева ата-аналарды отбасылық мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдіргеннен кейін ата-аналар жиналысының тақырыбы, мақсаты мен күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жетістіктеріне тоқталды. Мектептің жыл бойындағы оқу-тәрбие жүйесіндегі мұғалімдер мен оқушылардың жетістіктері слайд презентация арқылы таныстырылды.

Оқу процесін цифрландыру туралы директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары Р.Бозаева айтып берді.

Оқу процесін цифрландыру шеңберінде IT құзыреттерін, 3D-принтингті, робот техникалары мен бағдарламалаудың маңызды тілдері, 5-11 сыныптар үшін «Информатика» пәні бойынша оқу бағдарламаларының мазмұны туралы айтып өтті.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ 5,6,7 сыныптар үшін 1 деңгейлі және 8,9,10 сыныптар үшін 2 деңгейлі «Робот техникасы» элективті курсының оқу бағдарламасы бойынша биыл біздің мектепте де робототехника элективті курсы оқытылады. Оқушыларымыз I аудандық «ROBOLAND-2018» робототехника фестиваліне қатысып, жүлделі I орын және II орынға ие болды.

Е.ЖЕТПІСБАЕВ,
№1 қазақ тірек мектебінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



В поселке будет новый сквер

Новыми зелеными насаждениями пополнилась одна из главных улиц поселка Г.Мустафина, названная в честь Героя Советского Союза Прокофья Корниенко. В минувшую субботу здесь было высажено около 50 саженцев деревьев.

На небольшом свободном участке земли возле здания поселкового акимата теперь будет зеленеть сквер из кустов сирени, вишни, яблонь. Саженцы для посадки принесли сами жители поселка со своих приусадебных участков.

Также представители коллективов организаций и предприятий приняли участие в уборке территории поселкового парка.

Здесь мероприятия в рамках весеннего месячника по благоустройству и санитарной очистке населенных пунктов проходят постоянно, благодаря чему парк заметно преобразился, его территория стала чистой и уютной для прогулок.

В субботнике и посадке деревьев приняли участие коллективы двух модельных библиотек, Нуриной и Тока-



ревской средних школ, агротехнического колледжа, аппарата акима п.Г.Мустафина, ясли-сада «Росинка», Дома культуры, ПЧ-32, частного семейного дома и просто неравнодушные жители поселка.

Также в этот день была продолжена работа по вручению уведомлений жителям поселка о необходимости уборки своих территорий. Она проводилась совместно с УИП МПС старшим лейтенантом полиции Е.Тусуповым.

Во время субботника работала и спецтехника, фронтальные погрузчики и самосвалы вывозили золу и мусор с придворных территорий и поселкового парка.

Т.КУРБАНОВА

На фото: идет посадка саженцев.

Спорт алаңында - жас құтқарушылар

Мамыр айының 18-і күні «Сары-Арқа» спорт кешенінің алаңында аудандық мектептер арасында балаларды қорғау күніне арналған «Жас құтқарушы» олимпиадасы өтті. Екі жыл қатарынан жалғасын тауып келе жатқан олимпиадаға 8-9 сыныптар аралығында 20 мектеп қатысты.

Қызығы мен шығығы қатар жүретін құтқарушылар мамандығындағы күрделі сайыстар жастарымызға өмірде кездесетін түрлі төтенше жағдайларда қалай әрекет етуді үйретіп қана қоймай, ертеңгі отан қорғаушыларымыздың білімін, күш-жігерін, шеберлігін сынауға мүмкіндік берді. Алты оқушыдан құралған командада ер балалар спорттық және жауынгерлік тапсырмаларды орындаса, қыз балалар тақырыптық викториналарға қатысты.

Бүгінде мектеп оқушысы, ертеңгі күні ел қорғаны болар азаматтарымыздың бойын патриотизм мен жерін қасық қаны қалғанша қорғауға, жастар арасында салауатты өмір салтын сақтауға баулуды мақсат еткен олимпиаданың өтуіне аудандық білім бөлімі мен Төтенше жағдайлар бөлімі мұрындық болды.

Қаққан қазықтай сапқа тұрған жас құтқарушылар Әнұран орындауымен олимпиаданы бастап кетті. Ең алдымен құттықтау сөзін алған Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, азаматтық қорғаныс полковнигі Нұрмұхамед Интуев:

- Жас құтқарушылардың еңбегі қашанда зор. Сіздер бүгін өздеріңізді құтқарушы ретінде таныта білу арқылы апатта, өртте қай жерде болса да дабыл қағатын жағдайларда елді, халықты қорғап қалуға машықтанасыздар. Осындай шаралар арқылы біздер еліміздің жігерлі азаматтарын тәрбиелейміз,- дей келе, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бұл күні алғашқы әскери дайындық пен дене тәрбиесі пәндерінің ұстаздары үкілеп әкелген оқушыларының тілеуін тілесе, оқушылар ұстаздарының мектебінің жалауын құлатпаймын деп жігерленіп тұрды.

- Құтқарушы болуға жүрегінің түгі, жігері, рухы мықты адам ғана келеді. Өзгеге көмек қолын созу, құтқару секілді игілікті істер батырдың қолынан келетін ғана шаруа. Бүгін сайысқа түскелі тұрсыздар. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» дейді, бүгінгі сайысқа қатысу, құтқарушы боламын, құтқарушы бола аламын деулеріңізді өзі жеңіс деп біліңіздер. Бүгін біліктеріңізді де, білімділіктеріңізді де көрсетесіздер

деп сенемін, -деп сөзін тәмамдады білім бөлімі басшысының орынбасары А.Оспанов.

Жас құтқарушылар алты кезеңде жарысып, спорттық және

орта мектептері үздік деп танылды. Ұлдар өрт сөндіруші киімін киюден сыналса, осы уақыт аралығында қыздарымыз Төтенше жағдайларға байланысты сұрақтардан құралған тестті орындап, Қушоқы, Петровка орта мектептері 1 орынды, Қ.Сәтбаев, Ю.Гагарин атындағы, Керней, Белағаш, Токаревка орта мектептері 2 орынды иеленсе, Елтай орта мектебі 3-орынға шықты.

Осы кезең бойынша өз ойымен бөліскен Қ.Боранбаев атындағы негізгі мектебінің тәр-

арқанын бекіту бойынша ер балалармен қатар нәзік жанды

сындағы ауызбіршілік, жақсы дайындық арқасында Ростовка



интеллектуалды дайындықта жеңіске деген ұмтылыспен жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Өртке қарсы киім киюде сынга түскендер көз ілеспес жылдамдықта өнер көрсетті. Бір байқағанымыз, оқушылар

бие ісі жөніндегі орынбасары Динара Жұманова:

- Біздің мектеп негізгі білім беру ордасы болғандықтан, алғашқы әскери дайындық пәні бойынша дайындықтар өткізілмейді. Сол себепті де Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкер-



былтырғы жылға қарағанда машықтанып қалыпты.

Кезек-кезегімен сайысқа түскен оқушыларды бірі тамашалап тұрса, енді бірі өзара дайындық жүргізіп жатты. Өткен сайыс бойынша Байқадам, Қушоқы, Ю.Гагарин атындағы

лерімен ақылдаса келе, олимпиада алдында оқушыларымызды арнайы алып келіп, дайындық жұмыстарын жүргізгенбіз. Бүгінгі сайыста оқушылардың былтырғы жылға қарағанда шапшаңдықтары байқалады,- деді. Құрылымға арналған құтқару



қыздарымыз үлкен көрсеткіш көрсетіп, өз командасына жеңіс әкеліп жатты. Олар Токаревка, Қушоқы, Петровка орта мектептері. Ал, 100 метрлік тосқауылда құтқарушы жаттығуларын орындаушылар ішінен №1 қазақ, Ростовка тірек

тірек мектебі мен Токаревка және Ю.Гагарин атындағы орта мектептері тамаша өнер көрсетті. Олимпиаданы тәмамдаған жауынгерлік орналастыру сайысында команданың мүшелері жұмыс сызықтарын орналастырып, доп қойылған



және Байқадам орта мектептері тамаша өнер көрсетті. №1 қазақ тірек мектебінің оқушысы Ерлан Манкаев олимпиадаға тыңғылықты дайындалғандықтарын айтты. Аптасына 4 рет Төтенше жағдайлар бөлімінде өткізілген дайындық өз жемісін көрсетті. Сөйтіп, Ерлан қатысушылар арасында үздік деген нәтижені көрсете білді.

- Біз аптасына төрт рет Төтенше жағдайлар бөліміне барып, дайындық жасадық, - деді.

Ең қызықтысы - қай мезгілде, қандай жағдайда болмасын мезгілсіз соғылған дабылға шапшаң, әрі тиянақты жиналатын Төтенше жағдайлар қызметкерлері ұсынған сайыста команданың бар мүшесі қатысты. Команда мүшелері ара-

межеге су шашуы тиіс. Оңайлықпен орындала қоймайтын бұл кезеңді Ю.Гагарин атындағы мектеп және Новоузенка мектебі, Ростовка тірек мектебі үздік орындап шықты. Сайысты қорыта келе, Ю.Гагарин атындағы орта мектеп 1 орынға шықса, Ростовка тірек мектебінің құтқарушылары 2 орынға, Токаревка орта мектебінің оқушылары 3 орынға ие болды. Жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен кубоктар, бағалы сыйлықтар табысталды. Қатысушылардың баршасы назардан тыс қалмай, мадақтама қағаздарына ие болды.

Б.ЖАКЕШОВА

Ж.Макишевтің суреттерінде: Әнуран орындалуда; құттықтау сөз; сайыстар барысынан.

Өнерлі орда – 45 жаста

Кешегі дархан даланы той-думанға бөлеген өнер көшбасшыларының ізін жалғаушы ұрпақты тәрбиелеп, өткен мен келешекті ән-жырмен, би-күймен жалғап жүрген өңіріміздегі киелі шаңырақ - өнер мектебі биыл 45 жылдық мерейтойын атап өтті. Шырмауы көп өмірді өнермен ұштастырған ұстаздар мен шәкірттер қауымы бұл атаулы датаға арнап есептік кешін өткізгелі жатқандығы ауданымызға тез тарап, қапы қалмаймын дегеннің баршасы мәдениет үйінің залына жиналды.

1973 жылы музыка мектебі атауымен ашылған бұл қара шаңырақтан түлеп ұшқан түлектердің алды Австрия республикасында қызмет етіп жүрсе, ұстаздарының еңбегін ақтап, өнерін шыңдап жүргендері қаншама. Одан қалды Алматы, Астана, Қарағанды шаһарларында білімдерін асқақтатып

шанда жанына жақын көретін қазақ елі өнерпаздарын құрмет тұтады. Бүгінде ел ертеңі ұрпақтарымыздың бойына ананың ақ сүті арқылы тараған ұлттық өнерімізді өркендетіп жүрген ұстаздарымыздың ерен еңбегіне халық болып баға бересіздер. Өнер айдынына аққудай қалықтаған бүлдіршіндердің алғашқы



Бұқар жырау ауданының сүйікті ұлына айналған Дидар ағамыздың жырдан шашу шашқан арнауы «Ағайын, тойларыңыз құтты болсын, Қазақтың дүбірлеткен кең даласын» деп бастағанда залда отырған тыңдарман бір шаттанып қалды. Қасиетті жұмада өнерлі ұл-қыздарын сахна төріне шығарған киелі шаңырақтың бұл қадамын жақсылыққа жорып, «Он екі айдың сұлтаны құтты болсын, күндердің сұлтанымен қатар келген» деген сөзіне әр нәрсеге аңғарымпаздылықпен қарайтын айтыскер ақынның сөздері құлағымызға жағымды естіліп, бойымызға ерекше күш-қуат сыйлап жатқандай болды. Арнау орындалып жатқанда әр ауылдан келген филиалдардың оқушылары тізіліп отырғанда «Жетпіс адам желпініп күй тарқанда, барлығымыз аямай қол

мен әнші, сазгер Амангелді Ахметжановтың «Қалай» әні ұсынылып, көрерменнің көңілін көтерді. Бұл кеште халықаралық республикалық байқауларының лауреаттары «Шұғыла» би тобы «Волшебная сказка», «Қазақ биі», «Өзбек биі», «Летка-енка», «Татар биі», «Андиджан полькасы» билерін орындады. Өз балдырғандарының жеткен жетістіктерін топ жетекшісі Эльмира Қыстаубаеваның еңбегі деп бағалайтын ата-аналар қауымы өзгеше ықыласпен әр биді тамашалап, қолдау көрсетті.

Шұғылалық қыздарымыздың әсем билерімен қатар вокал сыныбындағы әнші қыз-жігіттеріміздің «Шіркін-ай», «Нарисуй» әндері қандай десеңізші?! Құлақтан кіріп, бойымызға тараған ән ырғағы өн әлемінде танылып жүрген аға-өпкелерімізден кем түспесі анық. Ал, Чайковскийдің



жүргендері де баршылық. Құмға сіңген судай болып өтіп жатқан уақыт аралығында өнер мектебінің еске алары, мақтанары көп. Үлгісі мен өнегесін бойына сіңіріп, «батпандай бағы мен ауыр салмағы бар» өнер жолында шәкірттерінің қанатын қатайтып, үлкен айдыңға ұшырса, ертеңгі күні сол қатар қайта толығып жатады. Бүгінде

қадамдарын жасатып жүрген асыл ұстаздар, тойларыңыз құтты болсын. Еңбектеріңіз жемісті болып, шәкірттеріңіздің жеңісін көре беріңіздер,- деген аудан басшысы өнер ордасының торқалы тойына арналған 250 мың теңгелік сертификатты табыстады. Сонымен қатар, білім беру саласының өркендеуі жолында адал қызмет етіп, жас



соғайық» деп арнау аяқталып, «Көксерек», «Нар ағачи» күйін бір адамдай домбыраға салған оқушылар айрандай ұйыған бірлігін көрсетті. Жиналған көрермен күй ырғағымен бірге шапалақтап, сахнадағы 70 шәкірт пен шымылдық сыртында қобалжумен жүрген ұстаздардың ерен еңбектеріне осылайша алғыс айтып жатты.

- Осыдан 45 жыл бұрын Қайрат Айкеновтың бас болуымен ашылған мектебіміз бүгінде үлкен өнер ордасына айналды. Араға жылдар салып мектебімізде сыныптар ашылып, өнерлі жастарымызға өнегелі білім беріп отыр. Бүгін біздің

«Неаполитанская песенкасын» орындаған көпкектілік Дания Бакил жетекшісі Ирина Урамаеваның еңбегін ақтап, әуезді әуен сыйлады.

Барша қазақ елі айтыстың өкіл әкесі атанған Жүрсін Ерман ағамыздың жүйрігі деп таныған Дидар Қамиев ағамыздың дарабоздары дәстүрлі айтыстың, облыстық «Ақберен» сайысының бас жүлдегері Нұрлыбек Төкенов пен Елбасымыздың жалынды жастық шағының куәгері теміртаулық ақын, облыстық айтыстардың жүлдегері Жанарыс Тілеубек от ауызды, орақ тілді, алтын таңдай, күміс көмей ағаларының ізін басқан қос ұлы-



Көпкектіден көтеріліп, Самарқандтан сарқырап, Петровкадан пейілденіп, Кернейден кернейленіп, Байқадамнан жайқалып, Құрылыстан құрылып, Новоузенкадан жарқырап, Новостройкадан бой көтерген филиалдары көпшіліктің көзайымына айналып үлгерді. «Бұлақ көрсең - көзін аш» демекші, тек қана кентіміз төңірегінде емес, ауылдық жерлердегі талантты жастарымыздың шыңдалып шығар ордасына айналған бұл филиалдар өз жұмыстарының нәтижесін көрсетіп те жүр.

Қиындық пен қызыққа толы өнер баспадағына аяқ басқан бүлдіршіндеріміздің өнерін тамашалауға келген жұрт отыруға орын таппаса да, тік тұрып тамашалаудың өзіне разы болды. Кеш шымылдығы аудан әкімі Шағурашид Мамалиновтың құттықтау сөзімен ашылды.

- Ән-жырды, би-күйді қа-

ұрпаққа үлгілі тәрбие берген ерен еңбегі және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін жыр-терме сыныбының ұстазы Дидар Қамиев, бабамыздың 350 жылдығына арналған логотип авторы Амантай Акишев марапатталып, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткелі отырған Бұқар жырау Қалқаманұлының 350 жылдық мерейтойына үлес қосқаны үшін екеуіне де 100 мың теңгелік сертификатты табысталды. Келесі кезекте жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі еңбегі үшін Айдар Идрисов, оқушылары халықаралық республикалық конкурстардың лауреаты атанған Маржангүл Жұмадилова, «Балалар әлемді бейнелейді» байқауында оқушылары халықаралық ЮНЕСКО кітабына енген Ақерке Рахад марапатталып, мереке үстіне мереке орын алды.



қуанышымызға ортақтасып отырған барша көрермен қауымға, кеш қонақтарына алғыс айтамын,- деді Б.Ермухамбетов.

Әсем күйден кейін өнер мектебінің ұстазы Зағыпран Жотай

мыздың өзіл-қалжыңы аралас айтысын халық ыстық ықыласпен қарсы алды.

Былтырғы жылы ашылған «Рауан» спорттық-сән би сыныбы халықаралық «Весенний кубок-2018» байқауының жүл-

дегері атанып үлгерген, Нурия Климованың жетекшілігінде түрлі мерекелік кештерден көріп, балапандарымыздың өнеріне тамсанып та жүрміз.

Өнер мектебі дегенде тағы бір қуанып айтарымыз - ауданымыз төңірегінде Қорқыт атамыздың ізбасарларының санының артуы. Соның ішінде Ксения, Любовь, Земфира сынды балапандарымыздың болуы тек қуанып қана қоймай, төбемізді көкке жеткізеді. Соның дәлеліндей, Гүлмаржан Сұлтанбекованың жетекшілігіндегі тобы мен «Планета талантов» Сибирь зажигает звезды» атты Новосибирск қаласында өткен халықаралық байқауында бірінші орын, республикалық «Сәлем Астана» атты фестиваль байқауында бас жүлдеге ие болған «Кербез» қобызшылар ансамблінің орындауындағы қобыздың қоңыр үні мәдениет үйінің төрінде қалықтап, кешегі басымыздан кешкен ауыр жылдары көз жазып қала жаздаған өнерімізді қайта жаңғыртты десек, артық айтпағанымыз болар.

Әр күйден, әр өннен, әр биден ерекше әсер алған көрермендер балапандай болса да Алатаудай армандай арқалап жүрген Көпкекті мен Байқадам филиалдарынан жиналған бүлдіршіндердің ән шашуы орындалған сәтте, орындарынан ұшып тұрардай әсерде болды. Балдай тәтті тілімен халық әнін орындаған балапандардың дауысына сүйсінгендердің көбісі тіл-көзден аман жүріндер деп ақ тілектерін айттысып жатты.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, халықаралық, республикалық, аймақтық фестивальдардың лауреаты, журналистер одағының мүшесі, театр және кино актері, режиссер Сламбек Жұмағалидың жетекшілігімен ашылған театр сыныбы оқушыларының орындауындағы монолог пен көрініс астарлы ойды салса, гитарасын серік еткен Новоузенка ауылы, Анатолий Невзгоданың жетекшілігімен келген баян, гитара ансамбльдерінің өнері тыңдарман қауымды тамсандырмай қоймады. Зал арасынан «браво» деген дауыстар естіліп, керемет көңілдегі ботақаралықтар қол соғудан еш жалқыпады. Ал, өнер мектебінің ұстаздарынан құрылған вокал тобының «Наз қоңыр», «Тұнық махабат» әндері мен кештің шымылдығын жапқан «До, Ре, Ми» әні қошеметтен кенде қалған жоқ. 45 жылдық аясында Дидар Қамиевтың сөзіне, Мәдет Қалиевтің өніне, Темірбек Сыздықовтың нотаға түсіруімен жазылған мектептің өнұранының тұсауы кесілді.

Бұл күні төрден орын алған құрметті қонақтар кеш соңында өз әсерлерімен бөлісіп, бірден тарқамай сурет сыныбының ұсынған көрмесін тамашалады.

Таңда шығар Шолпан жұлдыз құсап жарқ етіп жанған әр бүлдіршінің өнерін бір орыннан тапжылмастан тыңдаған көрермен жұма күні жанымызды жадыратқан, Ботақара баурайын дүбірлеткен кеш болды деп айтысып жатты. Солардың бірі, 70 жастағы әжеміз Мағрупа Әлімбаева немересінің өнерін тамашалап қуанғанымен, осындай есте қалар кештен ерекше әсер алғанымен бөлісіп, жаратушы Алланың балапандарымыздың бойына сый қып берген талантты өсіріп, дамытып, әр елде, еліміз төңірегіне көрсетіп жүрген ұстаздарға алғысын жаудырды. Көпке дейін ел аузында жүрер кеш ұсынған өнер ордасының бізге ұсынар жаңалығы көп болсын дейміз.

Б.ЖАКЕШОВА

Ж.Макишевтің суреттерінде: Ш.Мамалинов көрмені тамашалауда; сертификаттабыстау рәсімі; кеш барысынан.



Вопросы противодействия коррупции на контроле

22 мая в районном филиале партии «Нур Отан» под пред-

седательством Шахвели Курбанова прошло заседание Общественного совета по противодействию коррупции.

На заседании были рассмотрены вопросы о состоянии работы по противодействию коррупции в таких государственных учреждениях, как Департамент государственных доходов, управление казначейства и отдел экономики и финансов района.

Кроме этого, состоялся разговор о взаимодействии ОСПК с молодежным крылом «Жас Отан» в вопросах

В текущем году все имеющиеся средства освоены, в настоящее время продолжается работа по приему документов на формирование очередности из числа претендентов по дате подачи заявления специалистами, сказала Елена Жумашева.

